



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

8. Мак Кафри С. Конвенция Организации Объединенных Наций о праве несудоходных видов использования международных водотоков: перспективы и недостатки //Международные водотоки.Расширение сотрудничества и урегулирование конфликтов – 2003 – № 4 – С.15-24

9.С.Виноградов.Проект УЭК ООН «Укрепление потенциала водного сотрудничества (ПВС) в Восточной Европе, на Кавказе и в Центральной Азии»//Международный семинар «Правовые основы сотрудничества в сфере использования и охраны трансграничных вод». – [Электрон.ресурс]. Киев, 2004– URL: https://www.unecse.org/fileadmin/DAM/env/water/cwc/Legal/Backgroundpaper_vinogradov.pdf(датаобращения – 19.03.2018г).

10. Патриция воутерсмеждународное право – основа для трансграничного сотрудничества по водным ресурсам//Глобальное Водное Партнерство Технический Комитет[Электрон.ресурс] – 2012– URL:https://www.gwp.org/globalassets/global/gwp-casena_images/news/gwp_tec_17_ru.pdf (дата обращения 19.03.2018 г.)

11. Ю.Н.Стеклов Международное сотрудничество в бассейне реки Меконг [Электрон.ресурс]– 2005 – URL: [/http://www.riob.org/IMG/pdf/Mekong_Transb_Coop_26_05.Pdf](http://www.riob.org/IMG/pdf/Mekong_Transb_Coop_26_05.Pdf)(дата обращения: 19.03.2018 г.)

УДК 341.1/8

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕСТІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫМЕН ӨЗАРА ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Жылқайдарова Шырайлым Жәнісқызы

Sh.s.j@mail.ru

Астана, Қазақстан, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, заң факультеті “халықаралық құқық” мамандығының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші – Нурғалиева Е.Н.

Еуропалық Одақ пен Адам құқықтары бойынша Кеңестің арасындағы қатынас институционалдық ережелер мен келісімдер кешені арқылы ұйымдастырылады. Ол Еуропалық Одақ пен Адам құқықтары бойынша Кеңестің реттеуші құрылымына негізделеді. Еуропалық Одақ Кеңесте тек қана бақылаушы мәртебесіне ие, оның жеке мемлекеттері ғана Кеңестің толық мүшелері болып сайлана алады. Бақылаушы ретінде, Еуропалық Одақ Кеңес аясында келіссөздерге қатыса алады, резолюцияларды ұйымдастыру және жобалауға үлесін қосады, және Кеңесте мәлімдемелер жасай алады. Алайда, белгілі бір мәселелер бойынша ол дауыс бере алмайды, яғни, тек мүше мемлекеттер ғана дауыс беруге қатысады. Жоғарыда көрсетілгендей, Адам құқықтары бойынша Кеңестің мүше мемлекеттері белгілі бір географиялық топтардың өкілі болып табылады. Еуропалық Одақтың мүшелері Кеңесте үш географиялық топ атынан қызмет етеді: мемлекеттердің көбісі (16) Батыс Еуропалық мемлекеттер мен басқалары тобына кіреді, 11 еуропалық мемлекет Шығыс еуропалық мемлекеттер тобына жатады және 1 мемлекет – Кипр – Азиялық топқа кіреді. Еуропалық Одақ туралы келісімшартқа сәйкес, Одақтың мүше мемлекеттері халықаралық ұйымдарда өздерінің қызметінде одақтың позициясын ұстану керек. Алайда, одақ мүше мемлекеттері өздерінің де мүдделерін, Еуроодақтың және басқа мүше мемлекеттердің мүдделерін қамтымаса да, қорғай алады [1, 10].

Еуропалық Одақ Адам құқықтары бойынша Кеңесте унитарлы актор ретінде қатысу үшін, әр түрлі кезендерде және әр түрлі саяси деңгейлерде орын алатын координация келісімдері жасалды. Біріншіден, Одақтың мүдделері Кеңестің Брюссельде орналасқан адам құқықтары бойынша жұмыс тобы аясында анықталған. Бұл жұмыс тобы Еуропалық одақ мүше мемлекеттерінің, Еуропалық Комиссияның, және Еуропалық Сыртқы Істер Қызметінің өкілдерін жинақтайды. Осы стратегиялық мүдделер Одақтың Адам құқықтары бойынша Кеңестегі ортақ позицияларын жобалауға негіз болады, және олар әр 28 мүше мемлекеттің

ұлттық мүдделерін жобалауда ескерілуі керек. Кеңестің адам құқықтары бойынша Жұмыс тобы жиналыстары Брюссельде ай сайын өткізіледі, және Еуропалық Одақ координация жиналыстары Женевада тұрақты түрде өтеді. Брюссель және Женевадағы Еуропалық Одақтың координация жиналыстарында, ұлттық дипломаттар Одақтың Адам құқықтары бойынша Кеңестегі мүдделерін жобалауда өздерінің астана қалаларымен қатынасады. Еуропалық Одақ позицияларының осындай бірнеше деңгейлі координациясы көп уақыт алатындықтан, Одақ Кеңестің баяу акторы болып табылады.

2009 жылы 1 желтоқсанда қабылданған Лиссабон конвенциясы күшіне енгенге дейін, Еуропалық Одақтың координация жиналыстары Кеңесте алты айлық президенттікті иеленген мүше мемлекет жүргізеді. Координация жиналыстарына Адам құқықтары бойынша Кеңестің хатшылығы, Комиссия өкілі, және әр еуропалық мемлекеттің ұлттық дипломаттары қатысады.

Адам құқықтары бойынша Кеңес қызметінің бірінші жылдары кезінде, Еуропалық Одақ көп жағдайда келіссөздерді өте нәтижелі жүргізді, және кейде Еуропалық Одақтың қатысуы Кеңестің қызмет етуіне өте маңызды болды. Мысалы, ЕО Кеңестің арнайы процедураларының мандат иеленушілерін, Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссар Басқармасын, және азаматтық қоғамды қолдау арқылы Кеңес жұмысына елеулі үлес қосты. Алайда, Одақ Кеңес құрылған кездегі мақсаттар мен болжалдарды орындай алмады, және жаңадан құрылған Кеңесте жетекші функцияларын жүзеге асырылмады. Сол кезден бері, Еуропалық Одақтың Кеңес аясындағы әрекеттері сынға түсті. Мысалы, 2008 жылы Конго Демократиялық Республикасы бойынша тәуелсіз сарапшы мандатын жою туралы резолюциясын қабылдауда консенсусқа Еуропалық Одақ қосылды. Сонымен қатар, Еуропалық Одақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары секілді маңызды мәселелер бойынша ынтымақтастығы жоқтығы үшін сыналды.

Женева аясында Еуропалық Одақ салыстырмалы түрде жаңа актор болып табылады. Адам құқықтары бойынша Кеңесте Еуропалық одақ көптеген мәселелерді қарастыруға қатысып, басқа қатысушылармен ынтымақтасады. Еуропалық Одақтың Женевадағы делегациясы Кеңестің барлық әрекеттеріне қатысады. Еуропалық Одақ мүше мемлекеттері ортақ позицияны анықтағаннан кейін, оны Кеңеске ЕО делегациясы ұсынады. Мүше мемлекеттер, сондай-ақ, өздерінің позициялары мен мүдделерін қорғай алады, бірақ олар ынтымақтастық қағидасын ескеру керек.

2005 жылдан бері, ЕО мүше мемлекеттері Адам құқықтары бойынша Кеңес аясында бір мақсат үшін қызмет етуге келісті. Яғни, олар Кеңестің барлық талқылауларына ортақ позицияны ұстану арқылы қатысады. Әдетте, Еуропалық Одақ бірінші болып сөз сөйлейді, одан кейін мүше мемлекеттер сөзінде Одақтың айтқанын қайталап, өзінен пікірлер мен мәліметтер қосады. Женевадағы Еуропалық Одақтың делегациясының құқықтық мәртебесі Лиссабон келісімінен кейін де әлі толығымен анық емес. Делегацияның ауысып тұратын президент институты әлі де жұмыс істеп келеді. Мүше мемлекеттер ортақ позицияны ұстанатын болса да, кейде мемлекеттердің Одақтың адам құқықтары туралы саясаты туралы пікірлері түрлі болуы мүмкін. Мүшелердің түрлі ұстанымдары Еуропалық Одақтың Кеңес аясындағы қызметіне біраз кедергі келтіру мүмкін. Адам құқықтары саласында мұндай түрлі пікірлер өте сирек орын алады, бірақ, олар орын алғанда, Одақтың Кеңеспен ынтымақтастығы деңгейі төмендейді.

Адам құқықтары бойынша Кеңесте Еуропалық Одақтың қызметінің эффективтілігін бағалаудың бірнеше тәсілдері бар. Бұл ретте Еуропалық Одақтың ішкі және сыртқы эффективтілігін ескеру қажет. ЕО ішкі эффективтілігі ЕО мүше мемлекеттерінің ортақ мақсатпен қызмет ету қабілетіне байланысты болады. Ал, сыртқы эффективтілік ЕО-ның жалпы мақсаттарға жету қабілеттілігіне қатысты. Яғни, ол ЕО-ның басқа субъектілерге, адам құқықтарының маңызды мәселелеріне әсер етуі арқылы бағаланады.

Еуропалық Одақтың Адам құқықтары бойынша Кеңес аясындағы ішкі эффективтілігі нәтижелі болды. Осыған дейін көрсетілгендей, ЕО мүше мемлекеттері Кеңесте ортақ мүдделерді қорғауға келісті, және Лиссабон келісімінен кейін, ЕО делегациясы ЕО

координациясы жауапкершілігін алды. ЕО координациялар нәтижелеріне ортақ мәлімдемелер, ЕО атынан жасалатын резолюциялар, және ЕО мүше мемлекеттерінің дауыс беруде ауызбірлігі жатады. Еуропалық Одақ – адам құқықтары бойынша мәлімдемелер жасауда ең белсенді субъектілердің бірі. Алайда, ЕО жеке мемлекеттердің адам құқықтары жағдайын бағалау мақсатында өткізілетін әмбебап мерзімді шолу кезіндегі талқылауларға қатыспайды.

Мәлімдемелер мен интервенциялардан басқа, Еуропалық Одақ көптеген ашық дипломатиялық шараларды ұйымдастырады, және басқа субъектілермен, аймақтық акторлармен және ұйымдармен ынтымақтаса отырып, адам құқықтары туралы отырыстар өткізеді. Бұл шаралар мен отырыстар азаматтық қоғам өкілдеріне ашық болады. Азаматтық қоғам ұйымдары мен құқыққорғаушылардың осындай қатысуы Кеңестің жұмысына елеулі әсер етеді. Кеңес қызметіне үшінші жақтарды қосқаны үшін Еуропалық Одақ мадақталды.

Еуропалық Одақ пен оның мүше мемлекеттері резолюцияларды ұйымдастыруда белсенді болды. ЕО-ның кейбір резолюциялары үшінші жақтардың қатысуымен жасалды, оған мысал ретінде Бала құқықтары туралы резолюцияны келтіруге болады. ЕО мүше мемлекеттері жекелей үшінші жақтармен ынтымақтаса отырып, резолюцияларды дайындайды. Сонымен қатар, ЕО резолюцияларды қаржылық жағынан қамтамасыз етеді. Негізгі демеушілер резолюцияларды жобалайды, және келіссөздерді жүргізуде жетекшілік атқарады. Басқа мемлекеттер негізгі демеушілерге көмектесе алады. Алайда, бір резолюцияны демеуге мемлекеттер саны өте көп болатын болса, негізгі демеуші басқа мемлекеттер тарапынан резолюцияның мазмұны мен мақсаттарын ауыстыруды алдын алуы керек. Үшінші жағдайда, резолюцияның қосымша демеушілері болуы мүмкін, олар резолюция дайындалғаннан кейін, оны қолдайтынын көрсетеді [2].

Қазақстанның адам құқықтары саласындағы жұмысы халықаралық деңгейде Адам құқықтары бойынша Кеңес және Азаптауға қарсы Комитетпен мойындалды. Сонымен қатар, Қазақстан адам құқықтарын қорғауда басқа да шетел әріптестерімен, ЮНИСЕФ, ОБСЕ, Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссар Басқармасы және басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады. 2012 жылы БҰҰ Қазақстанды Адам құқықтары бойынша Кеңестің мүшесі ретінде үш жылдық мерзімге сайлады. Қазақстан жұмысын 2013 жылы бастады.

2015 жылы Қазақстан Сыртқы Істер Министрі Ерлан Идриссов Адам құқықтары бойынша Кеңестің 28-сессиясына және БҰҰ-ның Қарусыздандыруға қатысты конференциясына қатысты. Бұл шаралар барысында ол Қазақстанның Кеңеске ұсынатын әмбебап мерзімді шолуы Қазақстанның барлық маңызды халықаралық нормаларын сақтайтындығын көрсететінін айтты. Ол, сондай-ақ, Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары мен БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің директорымен кездесулер өткізді. Оның айтуынша, Қазақстан адам құқықтарының сақталуын бағалау үшін келетін арнайы баяндамашыларды тұрақты түрде қабылдайды.

Қазақстан Адам құқықтары бойынша Кеңестің арнайы процедураларына да қатысады. Арнайы процедураларының ішінде Қазақстанға ресми сапарлар жүзеге асырылды. Арнайы баяндамашылар мен мандат иеленушілері көптеген адам құқықтарының қорғалуы мақсатымен ресми сапарлармен Қазақстанға келген. Оларға бейбіт жиналыс пен ассоциация құқығы, діни сенім бостандығы, құлдықтың қазіргі жаңа түрлері, және тағы да басқа құқықтар бойынша ресми миссиялар жатады. Осы ресми миссиялардың соңғысы – бейбіт жиналыс пен ассоциация құқығы бойынша ресми сапар. Бейбіт жиналыс пен ассоциация құқығы бойынша Арнайы баяндамашы Қазақстанға 19-27 қаңтар аралығында ресми сапармен келді. Ол елдегі аталған құқықтардың сақталуын бағалау мақсатымен мемлекет үкіметінің шақыруымен келген. Осы ресми сапардың нәтижелерін Арнайы Баяндамашы өзі дайындаған баяндамада көрсетіп, оны Адам құқықтары бойынша Кеңестің 2009 жылы 16 маусымда болған 29-сессиясында ұсынды [3].

Қазақстанға сапары кезінде, Арнайы баяндамашы Астана, Алматы, Жаңаөзен қалаларына барды. Ол Астанада заңшығарушы, атқарушы және сот өкілдерімен, ал қалған

қалаларда аймақтық және жергілікті өкілдермен кездесті. Сонымен қатар, ол ұлттық адам құқықтары мекемелері өкілдерімен, халықаралық ұйымдармен, дипломатиялық өкілдермен, азаматтық қоғам ұйымдарымен, 2011 жылы желтоқсанда болған Жаңаөзен кризисі кезінде болған құқықбұзушылықтардың құрбандарымен кездесті.

2014 жылы болған әмбебап мерзімді шолу барысында жұмыс тобының қорытынды баяндамасында Қазақстан ұсынған ұлттық баяндама мазмұны, Қазақстанға басқа мемлекеттердің қойған сұрақтары, және қорытындылар мен ұсыныстар көрсетілген. Жұмыс тобы елімізге келесі ұсыныстарды жасады:

- Мигрант жұмыскерлер мен олардың жанұяларының құқықтарын қорғау бойынша Халықаралық конвенцияны қабылдау мен ратификациялау;

- Азаматтық және саяси құқықтар бойынша Халықаралық Пакттің екінші қосымша хаттамасын қабылдау және ратификациялау;

- Халықаралық Қылмыстық соттың Рим статутын қабылдау және ратификациялау;

- Діни азшылықтарға қарсы дискриминацияны жою бағытында шараларды жүзеге асыру, және діни қоғамдастықтарды тіркеуден өту нормасын қайта қарау;

- Әйелдер мен ер адамдар арасында жұмыс орнында бірдей төлемақыны қамтамасыз ету үшін еңбек бойынша заңға реформаларды ұйымдастыру;

- Барлық қылмыс түрлері, соның ішінде терроризм мен соғыс қылмыстары үшін өлім жазасын жою;

- Омбудсмен институтын және басқа да ұлттық адам құқықтары мекемелерін қаржыландыруды жақсарту, және Омбудсмен бөлімшелерін астанадан басқа қалаларда ашу және басқа да ұсыныстар.

Сонымен қатар, әмбебап мерзімді шолу жұмыс тобының баяндамасында Қазақстан орындаған алдыңғы шолуда көрсетілген ұсыныстар да анықталған:

- Азаптауды, әйелдерге қарсы зорлықты және адам саудасын қылмыс ретінде тану үшін халықаралық стандарттарға сәйкес заңнаманы қабылдау;

- Дискриминациямен, әсіресе әйелдерге қарсы дискриминациямен күреске бағытталған заңнаманы қабылдау;

- Бұқара ақпарат құралдарының құқықтарын, бейбіт жиналыс пен ассоциация құқығын қорғауға бағытталған шараларды жүзеге асыру;

- Барлық балаларға, соның ішінде босқындар мен мигранттардың балаларына білім беру құқығын қамтамасыз ету;

- Адам саудасы қылмыстарымен күресу үшін заңнаманы өзгерту;

- Азаптау қылмыстарын зерттеу үшін тәуелсіз және эффективті механизмді құру;

- Қазақстанның заңнамасын халықаралық міндеттемелеріне сәйкес одан әрі дамыту [5].

Сонымен, Қазақстан Адам құқықтары бойынша Кеңеспен бірнеше жолдар арқылы қатынасады. Біріншіден, Қазақстан 2013-2016 жылдары Кеңестің мүше мемлекеті ретінде қызмет етті. Сондай-ақ, Қазақстан 2008 жылы күшіне енген әмбебап мерзімді шолудан 2010 және 2014 жылдары екі рер өтті. Келесі шолу бағдарлама бойынша 2019 жылы ұйымдастырылады. Қазақстан, сонымен қатар, Адам құқықтары бойынша Кеңестің арнайы процедураларымен қатынасады. Ол арнайы процедуралардың мандат иеленушілерін ресми сапар үшін шақырады. Арнайы баяндамашылар Қазақстанға әр түрлі тақырыптар, мысалы, бейбіт жиналыс пен ассоциация құқығы және діни сенім бостандығы бойынша елдегі жағдайды бағалауға сапармен келген. Қазақстанның Адам құқықтары бойынша Кеңеспен қатынас нәтижелері еліміздегі адам құқықтарын сақтауды дамытуға үлесін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Wouters J., Meuwissen K. The European Union at the UN Human Rights Council. Multilateral human rights protection coming of age? – The Hague, 2013. – 27 p.

2 Әбсаттаров Р.Б. Адам құқықтары – саяси ғылымның өзекті мәселесі. Алматы. – 17 б.

3 Special procedures in Kazakhstan / Official website of the Office of High Commissioner for Human rights URL: <http://www.ohchr.org/EN/Countries/enacaregion/Pages/kzindex.aspx>

4 UN Human Rights Council: Adoption of the UPR report on Kazakhstan / Official website of Human Rights Watch URL: <https://www.hrw.org/news/2015/03/19/un-human-rights-council-adoption-upr-report-kazakhstan>

5 Universal Periodic Review – Kazakhstan / Official website of the Office of High Commissioner for Human Rights URL: <http://www.ohchr.org/EN/hrbodies/UPR/Pages/kzsession7.aspx>

УДК 341.1/8

ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Зиннатова Айя Айбековна

Заң факультеті Халықаралық құқық мамандығы Мпк-23 тобының студенті.

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Аңдатпа. Ұжымдық қауіпсіздіктің әлемдегі және халықаралық құқықтағы рөлі.

Мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздікке қатысу мәселелері және талаптары. Халықаралық аренадағы ұжымдық қауіпсіздікке байланысты өзекті проблемалардың сипаттамасы.

Аннотация. Роль коллективной безопасности в мире и в международном праве. Вопросы и требования к государствам для участия в коллективной безопасности. Характеристики, примеры и пути решения текущих проблем, связанных с коллективной безопасностью на международной арене.

Annotation. The role of collective security in the world and in international law. Questions and requirements for states to participate in collective security. Characteristics, examples and solutions to current problems related to collective security in the international arena.

Түйін сөз. Ұжымдық қауіпсіздік, халықаралық құқық, проблема, сипаттама, қауіпсіздік мәселесі, Біріккен Ұлттар Ұйымы, ядролық қару, соғыс, қарулы қақтығыс.

Қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Ол халықаралық саясаттың кез келген мәселесімен тығыз байланысты. Соның ішінде аса маңызды орынды ұжымдық қауіпсіздік алады.

Ұжымдық қауіпсіздік дегеніміз не? Кез-келген елдің кез-келген елге шабуыл жасауы шабуылға қарсы тұру міндеті болып табылатын барлық басқа елдерге шабуылға тең екендігі туралы ой. Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы мемлекеттер арасында әлеуметтік келісімшарт болып табылады. Ұжымдық қауіпсіздіктің мақсаты - тұрақтылық пен бейбітшілік.

Бұл схеманың логикасы: ешбір мемлекет басқа мүшелерге қарсы тұра алмайды және бұл агрессияға үнемі кедергі келтіруі керек (мұндай жүйе ядролық державалар болған жағдайда қиынға түседі). Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету - мүше елдерге елеулі талаптар қояды.

Біріншіден, барлық мемлекеттер quo мәртебесін қабылдауға және олардың аумағын қорғаудан басқа, кез-келген мақсатта күш қолданудан бас тартуға міндетті.

Екіншіден, барлық мемлекеттер «агрессия» тұжырымдамасын нақты анықтауға келісуі керек, сондықтан олардың арасындағы тиісті жағдай орын алған жағдайда келіспеушілік болмауы керек.

Үшіншіден, олар өз меншігін беруге дайын болуы керек, тіпті егер агрессия актілерінің алдын алу мақсатында, барлық мемлекеттерге, әсіресе ірі державаларға, олардың қарулы күштерін немесе қаражатын беруге дайын болуы тиіс (немесе олар халықаралық әскери күштердің үшін төлеуге және олардың бақылау жолдарын табуға көмек бере алады) немесе тіпті олардың мүдделеріне қайшы әрекеттер жасауға дайын болуы керек.

Төртіншіден, барлық мемлекеттер қолданылатын санкциялардың (санкциялар жүйесіндегі «бос орындардың» пайда болуы) кез келген бұзушылыққа белсенді араласуға тиіс, бұл қандай да бір елге агрессор ретінде танылған басқа елдің пайдасын алуға болмайды.